<p>Авторы: Т.Молдағалиев Өлең жолдарын мәнерлеп оқып беру. Балаларды автормен таныстыру, тақпақты жаттату. Қоршаған ортамен таныстыру Тосын сәт: Робот келеді. Амандасады. Мен қай ғаламшарға қонып тұрмын? Бұл Жер. Сен Жер ғаламшарына қелдің. Мен Роботпын. Аспан әлемінен келіп тұрмын. Слайд арқылы жер туралы әңгімелеу. Міне біздің Жер ғаламшарымыз осындай. Енді ғарыш әлемі туралы көріңдер. Марс ғаламшары туралы видеоролик көрсетіледі. Балалар ғарыш әлемімен танысады. Құрастыру Пазл әдісі арқылы робот құрастыру Жапсыру Қиылған қағаз бөліктерінен желімді қолдану арқылы ұшақ жапсырады. Мүсіндеу ермексазды жағу әдісі арқылы робот мүсіндеу.</p>	<p>мазмұнымен таныстыру. Ғарыш әлемі туралы түсінік беру. Өлеңді қайталата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту.Зымыран мүсіндеу. Математика негіздері Логикалық ойын: «Не қайда жүреді» Мақсаты: көлік түрлерін ажырата білуге үйрету. Сурет салу Ғарыш әлемі суретте ғарыш кемесінің сипаттамалық ерекшеліктерін жеткізе отырып зымыранды ұшу кезінде және жұлдызды аспанды бейнелеуге үйрету. Д/о: «Ғарышқа саяхат» Қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру Жұмбақ жасыру Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз</p>	<p>Токтар аға Гагарин, Салған жолды жалғаған Қоршаған ортамен таныстыру Ғарыш ,аспан әлеміне саяхат жасау. Құрастыру -шырпы таяқшаларынан зымыран құрастыру. Жапсыру Әуе көліктерін қима қағаздардан жапсыру. Жұмыстың жасалу жолын түсіндіремін. -Үлгіге қарап, балалар ұшақ, зымыран ды жапсырып жұмыстанады. Мүсіндеу Ермексазды есу арқылы үлгіге қарап, әуе шарларын мүсіндеу. Математика негіздері «Зандылықтарды тап және тапсырманы үлгі бойынша орында» -Суретте нелерді көріп тұрсыңдар? Қайық ,мотоцикл ,ұшақ, осылардыбір сөзбен қалай атауға болады? -Тапсырманы зейін қойып орындайды.</p>	<p>«Ғарышкер» Сапарға енді ғажап тым Токтар тартты алысқа. Туған ұлы қазақтың, Тұңғышы ұшты ғарышқа Қоршаған ортамен таныстыру Жұмбақ жасыру. 1.Алтын кетті, күміс келді (Ай) 2.Тақиям толған сөк, ерте тұрсам жоқ. (жұлдыз) Балалар бұл екеуі де қай мезгілде шығады? -Түнде -Жұлдыз түнде жарқырап, көкте нүктедей болып көрінетін аспан денесі. АКТ слайд көрсетіп, түсінік қалыптастыру. Жұлдыздар ыстық шарлар деп аталады. Ең ыстық сары, көк түсті. Ал, суықтары ақ, сары,қызыл түсті болады Сергіту сәті: Құрастыру Үнтаспадан дыбыс естіледі: Ұшақ дыбысын тыңдату. Әуе көліктері слайд көрсету. Жұмыстың жасалу жолын көрсету.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Балаларға скафандр кигізіп ғарыш әлеміне саяхат жасау.Балалар , біздің бүгінгі саяхатымыз ерекше болдаы.Өйткені аспан әлемі өте қызықты. Аспан денелерін таныстырып ,аттарын айтқызамын. Құрастыру Баклашқадан зымыран бөліктерін құрастыру. Жапсыру Скафандр туралы ақпарат беремін.Балаларды көрме жымыстарын көруге шақырамын.Балалард ы екі орталыққа бөліп, бірінші орталықтағы балаларға ғарышкерлерге байланысты суреттерді қағаз бетіне жапсырып, колаж жасауды , екінші орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген қағаз қиындыларынан жұлдызды аспан әлемін құрастыруды ұсынамын. Сурет</p>
---	--	---	--	---

	<p>Математика негіздері Д/о: «Жұлдызды аспан әлемі» М/ы: балалар аспан әлеміндегі денелер мен жердегі денелерді ажыратуға үйрету. Сурет салу Ұшақ суретін гупаны батыру арқылы боятып жұмыстану.</p>	<p>(зымыран) Қазақстандағы ғарыш айлағы Байқоңыр деп аталады. Байқоңыр-Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының аумағында орналасқан ғарыш алаңы. Видео көрсету. (мәлімет беремін) Құрастыру Құрастыру материалынан зымыран құрастыру дағдыларын жетілдіру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.</p>	<p>Сурет салу дәстүрден тыс әдіспен әуе көліктерінің суретін бояп жұмыстану.</p>	<p>-алдымен екі дөңгелек қойылады; -дөңгелектің үстіне пластина (жұқа тақтайша) орналастырады -тігінен қойылған тақтайшаның үстіне ұшақтың қанаты ретінде көлденең тағы тақтайша қойылады. Жапсыру Фетр бумагадан аспан денелерін жабыстырып жұмыстану. Мүсіндеу Балаларға ғарыш, зымыран, ұшақ туралы түсінік беру. Мозаика әдісі арқылы зымыранды мүсіндеу жолдарын үйрету Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Не қайда жүреді» Мақсаты: әуе көлік түрлерін ажырата білуге үйрету. Сурет салу Зымыран суретін үлгіге қарап боятып жұмыстану.</p>	<p>салу Шығармашылық жұмыс. Дәстүрден тыс әдіспен жұмыс жүргіземін. Әйнеке сурет салу әдісі арқылы зымыран салуға үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Күн мен түн» Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтау. Көрмеге қоямын. Мүсіндеу Ермексазды жағу арқылы айды мүсіндеу.</p>
	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка***) (дене шынықтыру**)</p>				
<p>Екінші ас</p>	<p>Астың құрамымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).</p>				

Серуенге дайындық	Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау. Ұқыпты киіне білуге, бір-біріне көмектесе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту ,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Серуен Серуеннен оралу	<i>Картотека №6</i>	<i>Картотека №14</i>	<i>Картотека №15</i>	<i>Картотека №16</i>	<i>Картотека №18</i>
	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсын! (Сөздік минимум-Ас, денсаулық, береке)(Қазақ тілі***) Үстел басында тамақтану ережесін қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Жай әуен тыңдау Музыка****	«Қызыл телпек» ертегі оқу Қазақ тілі ***	Жай әуен тыңдау Музыка****	«Қызыл телпек» ертегі оқу Қазақ тілі ***	Жай әуен тыңдау Музыка****
Ұйқыдан біртіндеп ояту,сауықтыру шаралары	<i>Картотека №8</i> Мәдени гигиеналық дағдылар шарасын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене шынықтыру**) Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық ,ұлттық,сюжетті-рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар),бейнелеу іс-әрекеті,кітап қарау және басқалары)	Дидактикалық ойын: «Не қайда жүреді?» Барысы: әуе көлік түрлерін ажырата білуге үйрету.	«Ағаштар бүршік жарды» Ағаштарды бақылау.	Қауіпсіздік сабағы «Үйдегі қауіпсіздік» терезе алдына мінбеу керектігі туралы түсінік беру. Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелерін таныстыру, видео көрсету.	«Ағаштар бүршік жарды» ағаш қабығы салыстыру,зерттеу, бақылау.	Ұлттық ойын «Ат жарыс» Ойынның шарты:Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.
Балалармен жеке жұмыс	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Аяна</i> өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Әли</i> өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді	Танымдық және зияткерлік дамыту <i>Гүлайым</i> «бүгін»,«кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Ибраһим</i> жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Көзайым</i> берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, ауа-райына байланысты киінуге дағдыландыру				

Серуен	Картотека №12	Картотека №10	Картотека №17	Картотека № 20	Картотека №24
Серуеннен оралу	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару;Тамақтың құрамымен таныстыру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық сюжетті-ролдік,үстел үсті –баспа және ойындар),бейнелеу іс-әрекеті,кітап қарау және басқалары)	Д/О: «Жұлдызды аспан әлемі" М/ы: балалар аспан әлеміндегі денелер мен жердегі денелерді ажыратуға үйрету.	«Сен білесің бе?» Ғарыш әлемі туралы әңгімелеу. Суреттер топтамасын қарастыру.	Такпақ: Көкке ұшамын- Ұшқыш болар баламын Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның Т.Молдағалиев	Ой тастау: Ғарышкер болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек?	Жұмбақ: Жарқырайды,жайнайды, Үлкен алтын табақтай. Жер бетінде тіршілік, Онсыз мүлдем болмайды.(күн)
Балалардың үйге қайтуы	Бала қауіпсіздігі басты назарда .Әңгімелесу. Ата-анасымен бірге демалыс күндерін ұйымдастыру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4- жас

Тәрбиеші: Есниязова А.Е.

Жоспардың құрылу кезеңі: 14-18.04.25ж

Аптаның дәйек сөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» Әнұран	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Қабылдау, балаларды тексеру. Көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. «Айгөлек» әнімен қарсы алу. Күй күмбірі: «Адай»				
Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата-аналармен әңгімесу, балаларға көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Өнегелі 15 минут: «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті»				
Балалардың іс-әрекеті (ойын танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Ұлттық ойын: «Киіз үй» Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.	Шығармашылық, коммуникативтік әрекет «Бұл қай кезде болады?» Барысы: жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін атай білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілі» Барысы: суреттер бойынша, жыл мезгілдерін атап ажырата білуге үйрету.	Құстар туралы тақпақ жаттау. Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жаққа қыстайтын. Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа	Ұлттық ойын: «Музыкалық аспаптардың сыңарын тап» барысы: балалардың ақыл –ойын дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	<i>Кешен №8</i> Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене тәрбиесі**)				
Таңғы ас	Ботқаның, дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және тағам түрлерінің балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелеу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӨ)	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу.				
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Жалпы дамыту	Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Саппен шеңбер бойымен адымдап	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан шапшаң	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Жалпы дамыту	Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Жылулық шеңбері. Дауыс

	<p>жаттығулары. Негізгі қимылдар гимнастикалық қабырғаға жоғары төмен ауыспалы кадаммен өрмелеуді дамыту. Сөйлеуді дамыту Құстар туралы тақпақтар айту және жұмбақ шешу арқылы тілдік қорын дамыту. Д/о: «Құстар» М/ы: суреттер бойынша, құстарды атап ажырата білуге үйрету. Көркем әдебиет Өлең жолдарын мәнерлеп оқып, балаларға авторды таныстыру. «Құстар» Қонындар, құстар, қонындар, Бәріңе төрден орын бар, Қанатты барлық достарға, Балалар, қамқор болындар! Р.Өтегенов Қоршаған ортамен таныстыру Балалар ұйымдастырылған оқу қызметін бастамас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Жұмбақтың шешімін табамыз ба? 1.Итпен бірге таласар, Табаққа қонып қоймайды.</p>	<p>жүру. Амандасу. Дауыс жаттықтыру. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» Б.Дәлденбай.Ән айту: «Балдырған» әні Би: «Әлди-әлди» биі. Қорытынды бөлім:д/о: «Тақия тастамақ» Сөйлеуді дамыту Суреттегі құстарды сипаттап айырмашылық тарын таба байланыстыра сөйлеуге үйрету; құстар туралы білімдерін жетілдіру. Көркем әдебиет Тақпақты екі қайтара оқып, балаларға жаттату. Таспен атып торғайды Ұя бұзған онбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды. Сурет салу Құстарға ұя суретін салып жұмыстану. Құрастыру Ұя құрастыру. Қатты картоннан ұя құрастыру. Балалардың жасаған жұмыстарын көрмеге қою. Математика негіздері «Ұзын және</p>	<p>және баяу қарқынмен жүгіру. Негізгі қимылдар: орыннан ұзындыққа секіруді дамыту;оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға лақтыруды үйрету. Сөйлеуді дамыту Сурет бойынша әңгімелеу. Жаңылтпаш айту. 1.Көкек,көкек,көкек-деп Көкектеді көкек кеп. 2.Торғай сүйер Тоғай күтер торғайды. Тіл ұстарту жаттығуы: Ғай-ғай-ғай Кішкентай торғай. Ға-ға-ға Қара қарға. Қан-қан-қан Ала сауысқан. Д/о: «Қай құстың қанаты?» Көркем әдебиет Үш дауыс қарқынына салып айтады. Бірге қайталайды. Мынау қарға, қарғалар Жерде жүріп жорғалар Тамақ тапса қарқылдап Таппаса ұшар жалпылдап.</p>	<p>жаттығулары. Спорттық жаттығу: велосипед тебу;оңға солға бұруды үйрету. Сөйлеуді дамыту Құстармен таныстыру.Сөздік қорларын құстар атауымен толықтыру, дұрыс айтуға үйрету. Тыйым сөздер. Құстың ұясын бұзба. Құсқа тас лақтырма. Көркем әдебиет Өлең мәтінін қайталату арқылы өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алманын. Құстар біздің досымыз. Обалына қалмаңдар. Қоршаған ортамен таныстыру Балаларға құстар, олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілі» Барысы: суреттер бойынша, жыл мезгілдерін атап ажырата білуге үйрету. Жапсыру Шығармашылық жұмыс. Қағазды умаждау</p>	<p>жаттықтыру. Музыка тыңдау: «Бұлбұл»Д.Нұрпейсова Ән айту: «Балдырған» Музыкалық аспаптарда ойнау: «Айгөлек» Н.Баймұхамедов. Қазақ тілі «Құстар біздің досымыз» Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту. Тіл ұстарту жаттығуларын айтқызу. Тақпақ жаттату. Құстар туралы суреттер топтамсы бойынша жеке жұмыс. Зат есімдерді жекеше көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту Жұмбақ шешу арқылы тілдерін дамыту. Сайрайды бір талмайды, Әнші құс бал таңдайды.(бұлбұл) Бұдыр-бұдыр балшықты,Жинады да</p>
--	--	---	--	---	---

<p>Білесін, қане, айта ғой, Танисың ба... (Торғайды) 2.Үстіне ақ қамзолын киіп алып, Жүреді канаттарын жиып алып. (Сауысқан) -Балаларға торғай мен сауысқанның суреттерін көрсетіп,олардың қонақ екенін хабарлаймын. Құстар туралы әңгіме жүргіземін. Сурет бойынша жұмыс. Жапсыру Аудиоқұрылғы арқылы құстар үні қойылады. -Балалар, бұл нелердің дауысы? -Сендер қандай құстарды білесіңдер? -Қыстыгүні мекен ететін құстарды білесіңдерме? Қыста құстар аш қалмас үшін жемсауыттарға жем салып қою керек. -Балалар, сендер жемсауыттағы құстардың бейнесін жапсырғыларың келеме? -Негізгі бетте (фонда) жемсауыт және жем берілген. Осы бетке құстарды жапсырамыз Мүсіндеу Пластинография әдісі</p>	<p>қысқа»дидактикалық ойыны Суреттегі жануарлармен құстарды қара.Екінші суретте сары шымшық пен сауысқан бейнеленген. Сауысқанның құйрығы ұзын ба? Сары шымшықтың құйрығы қысқа ма? Балалар тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді. Қоршаған ортамен таныстыру Құстар туралы слайд көрсету. Үнтаспадан құстардың дыбысын тыңдату. Серуенге шыққан кезде балабақша ауласындағы ұшып жүрген құстарды бақылап әңгімелеу. Жапсыру Күрішті желімге батыру арқылы сауысқанды жапсырып жұмыстану. Мүсіндеу Ермексазды алақан арасына есу арқылы сауысқанды мүсіндеу.</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Әңгіме жүргізу Үлестірмелі материалдармен жұмыс Жұмбақ жасыру Ағашта болса егер мең, Хабар беріп,мерзімен, Тұмсығымен емдейді. (Тоқылдақ) Жыл құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейтемін. Құстардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білуге үйрету. Дене құрылысымен таныстырамын, өз ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландырамын. Құстарға деген қамқорлық сезімін оятамын. Ойын. «Құстарға не ортақ?» Математика негіздері «Не артық?» қима суреттердің артық бөлігін табу. Жапсыру Фетр бумаганы пайдаланып,торғай мен қарлығашты қиып жапсыру. Мүсіндеу Дән шоқыған құстар</p>	<p>арқылы көкек құсын жапсыру. Сурет салу алақанмен бастыру әдісі арқылы көкек құсының суретін салып жұмыстану. Мүсіндеу Құстың ұясының суретін көрсетіп,үлгісімен таныстыру. Құстың ұясын мүсіндеу жолдарын түсіндіру. Ермексазды жұмсарту. Бөлшектерге бөледі. Құстың ұясын мүсіндейді. Құрастыру Балмұздақ таяқшаларын қолданып құстарға жемсауыт жасап құрастыру.</p>	<p>ташықты. Құсатып қамытқа, Үй салды жабыққа (қарлығаш) Қоршаған ортамен таныстыру Құстар туралы видролик көрсету. Ұшып келген құстарды бақылап әңгімелеу. Жеке жұмыс. Қостілдік компонент: Құстар-птиц,торғай- воробей, сауысқан – сорока. Сергіту сәті: Күні бойы бұл құстар, Билеп жатыр тыңбастан! Таңменен бәрін оятып, Денесі бар ырыстан! Жапсыру Жұмыстың жасалу ретімен таныстырамын. Сурет бойынша әңгіме жүргізу. Жеке жұмыс. Көгершін құсын мақтадан жапсыру. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: сәйкестендіру қабілеттерін дамыту. Түстер туралы білімдерін жетілдіру.</p>
--	--	--	--	---

	<p>арқылы торғайды мүсіндеп бейнелеуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Сурет салу Дәстүрден тыс әдіспен жұмыс. Алақанмен сурет салу әдісін пайдаланып құс суретін салуға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Қима суреттерден құстарды құрастыру.</p> <p>Математика негіздері Танымдық ойын «Жұбын тауып сызық арқылы қос» Мақсаты: балалардың танымдық процесін дамыта отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>		<p>Жгут әдісін пайдаланып қолғап мүсіндеу. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалардың жұмыстарын бағалау.</p> <p>Сурет салу Штампинг әдісін пайдалану арқылы құстарды бейнелеуге үйрету, ұсақ моторикасын, шығармашылық қабілеттерін дамыту</p> <p>Құрастыру Пазл әдісі арқылы құстарды суреттерін құрастыру.</p>		<p>Мүсіндеу Ермексазды жағу арқылы көгершінді мүсіндеу.</p> <p>Сурет салу Мөр басу әдісі арқылы құстарды бейнелеуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p>Құрастыру қалдық материалдарды пайдаланып ұя құрастыра білуге үйрету, оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту</p>
	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка***) (дене шынықтыру**)				
Екінші ас	Астың құрамымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау. Ұқыпты киіне білуге, бір-біріне көмектесе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Серуен	<i>Картотека №6</i>	<i>Картотека №4</i>	<i>Картотека №2</i>	<i>Картотека №12</i>	<i>Картотека №10</i>
Серуеннен оралу	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау (Сөздік минимум-Ас, денсаулық, береке)(Қазақ тілі***) Үстел басында тамақтану ережесін қадағалау				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» аудиоертегі тыңдату	«Әжемнің ертегісі» аудиоертегін тыңдату	«Жеті лақ» аудиоертегін	«Әжемнің ертегісі» аудиоертегін тыңдату	«Түлкі мен тырна» аудио ертегі тыңдату

	(Музыка***)	(Музыка***)	тыңдату(Музыка***)	(Музыка***)	(Музыка***)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Картотека №8</i> Мәдени гигиеналық дағдылар шарасын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене шынықтыру**) Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық , ұлттық, сюжетті- рөлдік, үстел үсті- баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құстар туралы тақпақ жаттау. Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жаққа қыстайтын. Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Ойым бар бір ойын бастамақ, Аты оның «Тақия тастамақ»	Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік» балаларға төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздіктің алдын – алу туралы түсінік қалыптастыру.	«Мен зерттеушімін» «Терезе алдындағы бақша» судың, топырақтың, күн көзінің пайдасы.	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Ойым бар бір ойын бастамақ, Аты оның «Тақия тастамақ»
Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Дастан</i> шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту <i>Аяна</i> кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту <i>Хан-назар</i> әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Ибраһим</i> доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Байсұлтан</i> қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, ауа-райына байланысты киінуге дағдыландыру				
Серуен	<i>Картотека №7</i>	<i>Картотека №9</i>	<i>Картотека №12</i>	<i>Картотека №16</i>	<i>Картотека №2</i>
Серуеннен оралу	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету.				
Кешкі ас	Кешкі астың пайдасы туралы әңгімелеп айту. Дұрыс тамақтануларын қадағалау.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық , сюжетті-рөлдік, үстел үсті –баспа және ойындар), бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Құстар туралы тақпақ жаттау. Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жаққа қыстайтын. Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа	Ұйқасын тап: Қонып алып жарға Қарқылдайды (қарға)	Тіл ұстарту жаттығуы Ға-ға –ға-қарға -ла-ла-ла-шағала	Жұмбақ шешу. .Итпен бірге таласар, Табакқа қонып қоймайды. Білесін , қане , айта ғой, Танисың ба... (Торғайды)	Суреттер топтамасын қарау.
Балалардың үйге қайтуы	Бала қауіпсіздігі басты назарда .Әңгімелесу.				

Маш

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4- жас

Тәрбиеші: Кеңес Ж.Қ.

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-25.04.25ж

Аптаның дәйек сөзі: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысың айнасы»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» Әнұран	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Қабылдау, балаларды тексеру. Көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау.«Айгөлек» әнімен қарсы алу. Күй күмбірі: «Сарыарқа»				
Ата-аналармен немесе заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата-аналармен әңгімесу, балаларға көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Өнегелі 15 минут : «Адамды еңбегі бойынша бағалаңыз»				
Балалардың іс-әрекеті(ойын танымдық, коммуника тивтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Дидактикалық ойын: «Кір машина» Барысы: қызметкерлердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге үйрету.	Логикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Барысы: Ойлау қабілеттерін дамыту	Ұлттық ойын: «Киіз үй» Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.	Ұлттық ойын: «Музыкалық аспаптарды сәйкестендір» Барысы балалардың ақыл ойын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Түсін тап» Барысы: Түстерін тауып орналастыруға үйрету
Ертеңгілік жаттығу	<i>Кешен №8</i> Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене тәрбиесі**)				
Таңғы ас	Ботқаның, дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және тағам түрлерінің балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелеу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық(бұдан әрі ҰІӨ)	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу.				
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан еденге қойылған	Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Саппен шеңбер бойымен адымдап жүру. Амандасу. Дау	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан шапшаң және баяу	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірінің жанына тұру, сәлемдесу. Бір-бірінің артынан қосалқы	Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Жылулық шеңбері. Музыкалық ырғақтық

<p>заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналып жүру. Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимылдар: ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіруді дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Шаттық шеңбері. Сурет бойынша әңгіме. Тұрмыстық заттармен жұмбақтар арқылы таныстыру.</p> <p>Көркем әдебиет От жақпа күйерсің, Өртеніп жүрерсің. Сіріңкені ұстасаң, Бәлеге сен түсерсің</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Ғажайып сәт Қонаққа «Сақтаныш» келеді. Қолын таңып алған. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым- Сақтаныш! Мен балабақшада қатты жүгіріп қолымды жарақаттап алдым. Олай болса қауіпсіздік ережесін түсіндірейік. Ең алдымен суретке назар аударайықшы? Балалар суреттегі жағдайларды әңгімелейді.</p>	<p>ыс жаттықтыру. Музыка тыңдау: «Аққу» Н.Тілендиев. Өн айту: «Ағайынбыз бәріміз Би: «Достық» биі Музыкалық аспаптарда ойнау. «Көңілді полька»</p> <p>Сөйлеуді дамыту Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін, түйсігін, сөйлеу мәнерін дамыту.</p> <p>Көркем әдебиет Егер тыныш жүрсен сен, Боларсың аулақ қатерден. Сақтасаң, сақтық шарасын, Үлгілі бала боласың. Өлең жолдарын мәнерлеп оқып беремін. Балаларға өлең мазмұнын түсіндіру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Үйдегі қауіпсіздік туралы түсіндіру. Видео көрсету.</p> <p>Жапсыру Балалар кір жуатын машина тұрмыстық техникаға жатады. Қауіпсіздік ережесі: Сулы қолмен тоқты</p>	<p>қарқынмен жүгіру. Жүру, жүгіру жаттығулары. Негізгі қимылдар: допты оң және сол қолмен алып жүруге үйрету. Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»</p> <p>Сөйлеуді дамыту Сурет бойынша әңгіме. Жұмбақ жасырамын. Сөйлеуді ол білмейді, Бірақ тоқта жоқ дейді. -Бұл не екен балалар?</p> <p>Көркем әдебиет «Жол қауіпті» авторы: О.Байбақұлы Ойымқұмар десе де, Өлең жолдарып мәнерлеп оқып, балаларға жаттату.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Жол ережесі туралы балаларға қызықты мультимедия көрсету.</p> <p>Жапсыру Бағдаршамды жапсырып жұмыстану.</p> <p>Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Бағдаршам» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін, жолда жүру ережесін таныстырып үйрету</p> <p>Мүсіндеу</p>	<p>қадаммен (оңға және солға) жүру. Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимылдар: заттардың арасымен доптарды бір бірімен домалатуды дамыту. Қимылды ойын : «Мерген»</p> <p>Сөйлеуді дамыту Балалар біздер мынадай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. 1 Өке - шешеннің аты – жөнін, жұмысын, телефон нөмерін білуіміз керек . 2. Дәрі – дәрмек, қауіпті заттарды қолыңа алма. 3 Отқа, газ плитасына жақындама. сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп әңгімелеу.</p> <p>Көркем әдебиет Теледидардың пайдасы және зияны туралы әңгіме.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Ойын: «Ақпарат құралдарын ажырат!» Мақсаты: балалардың</p>	<p>қимылдар: «Жалаушамен жаттығу» Музыкалық аспаптарда ойнау: «Көңілді полька» Қорытынды бөлім: «Музыка бояулары»</p> <p>Қазақ тілі «Ақпараттық құралдар» сурет бойынша әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Құрал бөлігін тап» дидактикалық және дамытушы ойындармен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Балалардың ақпарат құралы компьютерге деген қызығушылықтарын ояту. Сурет бойынша әңгімелеу. Ан-ан-ан-бұл тышқан, Та-та-та-перне тақта Ор-ор-монитор.</p> <p>Көркем әдебиет «Компьютер» өлеңі. Авторы: А.Әшірбекқызы</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру Балалар электр құралдары дегеніміз не? Электр құралдарына</p>
---	---	---	--	--

<p>Қандай ережесін керек? Өрт шыққан қандай қоңырау 101 ге. Дұрыс айтасыздар, балалар! Біздер ережесін керек жіне өз өміріміз үшін маңызды, серуен кезінде үлкендермен жүру керек. отпен ойнауға болмайды. Жапсыру "Жалғасын тап» ойыны Шарты: Тәрбиеші балаларға таныс өлеңнің бір жолын немесе бір шумағын айтып, кез келген бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала өлеңнің жалғасын тауып айту керек. Мысалы. -Өртпен түтін айнала, Қарап тұрма жай ғана. Тез хабар бер..... Ойнама Үлгіге қарап өрт сөндіруші көлігін фетр бумагадан жапсырып жұмыстанады. Сурет салу трафарет әдісі арқылы өрт сөндіруші көлігін боятып жұмыстану. Мүсіндеу Ермексазды алақан</p>	<p>қауіпсіздік сақтау жағдайда нөмерге шаламыз 101 ге. Дұрыс айтасыздар, балалар! Біздер қауіпсіздік ережесін сақтауымыз керек жіне өз өміріміз үшін маңызды, серуен кезінде үлкендермен жүру керек. отпен ойнауға болмайды. Жапсыру "Жалғасын тап» ойыны Шарты: Тәрбиеші балаларға таныс өлеңнің бір жолын немесе бір шумағын айтып, кез келген бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала өлеңнің жалғасын тауып айту керек. Мысалы. -Өртпен түтін айнала, Қарап тұрма жай ғана. Тез хабар бер..... Ойнама Үлгіге қарап өрт сөндіруші көлігін фетр бумагадан жапсырып жұмыстанады. Сурет салу трафарет әдісі арқылы өрт сөндіруші көлігін боятып жұмыстану. Мүсіндеу Ермексазды алақан</p>	<p>қосуға немесе ажыратуға болмайды. Түрлі-түсті бумагадан кір жуғыш машинаны үлгіге қарап жапсыру. Құрастыру Қатты картоннан кір жуғыш машина құрастыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қимыл қозғалыстарын жетілдіру Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Кір машина» Барысы:: қызметкерлердің еңбегін бағалауға, құрметтеуге үйрету. Сурет салу Алақанмен сурет салу әдісін пайдаланып телефон суретін салуға үйрету, тазалыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Ермексазды алақан арасына есу арқылы телефонды мүсіндеу.</p>	<p>Жгут әдісі арқылы бағдаршам мүсіндеу. Сурет салу дәстүрден тыс әдіс арқылы бағдаршам суретін бояп жұмыстану.</p>	<p>танымдық қабілеттерін арттыру. Жапсыру Тағы қандай құралдар арқылы ақпарат алуға болады? теледидар, радио, компьютер арқылы ақпарат алуға болады. Оларды сезім мүшелеріміз көз бен құлақ арқылы біздің түйсігімізге жетеді. Қатты картоннан радио жапсырып жұмыстану. Мүсіндеу -Балалар, радиодан да біздер ақпарат аламыз. Біздер бұл ақпарат құралдарын пайдалану үшін үлкендердің көмегіне жүгінуіміз қажет. Ермексазды алақан арасына есу арқылы теледидар мүсіндеп жұмыстану. Құрастыру сіріңке қораптарын қолданып, теледидар құрастыру. Математика негіздері Д/о: «Қандай құрылғы жоқ?» М/ы: Зейінін тұрақтандыру, жасырынған құрылғыны таба білуге үйрету.</p>	<p>теледидар, сотка, компьютер құралдарына жатады. Міне бүгін біздер компьютермен танысамыз. Суретке назар аударту. Математика негіздері «Көлеңкесін тап» М/ы: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Жапсыру Ұжымдық жұмыс. Балмұздық таяқшаларынан теледидар, компьютер жапсырып жұмыстану. Мүсіндеу Жапсырған жұмыстарын бағалап, ермексаздан антеналарын мүсіндеу. Балалардың жұмыстарын бағалау. Құрастыру Конструктордан теледидар құрастыру. Ұжымдық жұмыс. Сурет салу Балаларды қалаулары бойынша екі топқа бөлемін. 1-топ теледидарды 2-топ компьютерді бояп жұмыстанады.</p>
---	---	--	--	---	--

	арасына салып есу арқылы өрт сөндірушіге керек құралдарды мүсіндеу. Құрастыру Геометриялық пішіндерден өрт сөндіруші көлігін құрастырып жұмыстанады. Математика негіздері Дидактикалық ойын: Суреттегі заттардың топтасу белгілерін ата.				
	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка***) (дене тәрбиесі**)				
Екінші ас	Астың құрамымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау. Ұқыпты киіне білуге, бір-біріне көмектесе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту ,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Серуен	<i>Картотека №1</i>	<i>Картотека №4</i>	<i>Картотека №5</i>	<i>Картотека №8</i>	<i>Картотека №9</i>
Серуеннен оралу	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау Асың-асың асыңа, Береке берсін басыңа Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсын! (Сөздік минимум-Ас, денсаулық, береке)(Қазақ тілі***) Үстел басында тамақтану ережесін қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Жай әуен тыңдау Музыка****	«Қызыл телпек» ертегі оқу Қазақ тілі ***	Жай әуен тыңдау Музыка****	«Қызыл телпек» ертегі оқу Қазақ тілі ***	Жай әуен тыңдау Музыка****
Ұйқыдан біртіндеп ояту,сауықтыру шаралары	<i>Картотека № 8</i> Мәдени гигиеналық дағдылар шарасын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене шынықтыру**) Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық ,ұлттық,сюжетті-	Ұлттық ойын: «Музыкалық аспаптарды	«Біз - экологпыз» Қоқыс қалдықтары, олардың зияны	Қауіпсіздік сабағы «Жол ережесін білесің бе?»	«Біз - экологпыз» Тәжірибе жүзінде көрсету.	Ұлттық ойын «Қыз қуу» мақсаты:

рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	сәйкестендір» Барысы балалардың ақыл ойын дамыту.	туралы айту.	Балаларға жол ережесін түсіндіру. Жол бойында ойнамау керектігі туралы айту.		шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту <i>Гүлайым</i> кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Айнара</i> зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айтады	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру <i>Аяна</i> отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Әли</i> гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, еңбектейді	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Көзайым</i> естіген дыбыстарды дұрыс айтады
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, ауа-райына байланысты киінуге дағдыландыру				
Серуен	<i>Карточка №12</i>	<i>Карточка №10</i>	<i>Карточка №6</i>	<i>Карточка №5</i>	<i>Карточка №16</i>
Серуеннен оралу	Мәдени гигиеналық дағдылар. Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; Тамақтың құрамымен таныстыру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық , сюжетті-рольдік, үстел үсті – баспа және ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» жылдамдыққа ептілікке баулу	Суреттер топтамасын қарау «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» тақырыбында суреттер қарап әңгімелеу	Жұмбақ жасыру: Аязға толы жәшігім, Ішінен тамақ тасыдым (тоңазтқыш)	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	Логикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Барысы: Ойлау қабілеттерін дамыту
Балалардың үйге қайтуы	Бала қауіпсіздігі басты назарда. Әңгімелесу. Дәрігер кеңесі : «Тұмаудан сақтанайық» (екпе туралы кеңес)				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4- жас

Тәрбиеші: Есниязова А.Е.

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.04-02.05.25ж

Аптаның дәйек сөзі: «Ісім оңсын десең-сол істің маманы бол»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» Әнұран	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Қабылдау , балаларды тексеру.Көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін жайлы жағдай жасау. «Өнегелі 15 минут» «Ең қиын мамандық адам боп қалу»				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата-аналармен әңгімесу, балаларға көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. «Күй күмбірі» «Ерке сылқым»				
Ертеңгілік жаттығу	<i>Кешен №8</i> Мақсаты: жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс жасай отырып,баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене шынықтыру**)				
Таңғы ас	Ботқаның, дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және тағам түрлерінің балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелеу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу. (коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету (таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу.				
Балалардың іс-әрекеті(ойын танымдық,коммуникативтік,шығармашылық,экспериментальдық,еңбек, қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	Дидактикалық ойын «Ұлт өкілдерін ажырат» Барысы:танымдық қабілеттерін дамыту	Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: сәйкестендіру қабілеттерін дамыту. Түстер туралы білімдерін жетілдіру.	Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» жылдамдыққа ептілікке баулу	01.05.25ж	Д/о: «Қай ұлттың киімі?» Қуыршақтардың киіміне қарап, қай ұлтқа жататынын табу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірнің жанына тұру, сәлемдесу. Жалпы дамыту жаттығулары. Негізгі қимылдар: етпетімен	Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Дауыс жаттықтыру. Ән айту: «Ағайынбыз бәріміз» Музыкалық аспаптарда	Дене тәрбиесі Сапта бір-бірнің жанына тұру,сәлемдесу. Бір-бірінің артынан шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру.Негізгі қимылдар:кедергілерден		Музыка Балаларды жақсы көңіл күйде қарсы алу. Дауыс жаттықтыру. Ән айту: «Ағайынбыз бәріміз» Музыкалық аспаптарда

жатып, гимнастикалық орындықтың бойымен қолдарымен тартылып алға қарай еңбектеуді дамыту, бір аяқпен (оң солды алмастыру) секіруді үйрету.

Сөйлеуді дамыту

Сурет бойынша әңгіме.

Мақал-мәтел жаттау

-«Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол»

Көркем әдебиет

Өлең жолдарын қайталата отырып, бірлік мерекесі туралы түсінік қалыптатыру.

Математика негіздері

«Көлеңкесін тап»

М/ы : балалардың ойлау, есте сақтау, зейінін дамыту.

Қоршаған ортамен таныстыру

Балаларға «Ағайынбыз бәріміз» деген тақырыпта видео көрсету.

Сурет салу

Балалар Буратиномен бірге асфальтка күннің суретін салып бояп жұмыстанады.

Жапсыру

Фетр бумагадан шаңырақ, күн жапсыру.

Мүсіндеу

Жгут әдісі арқылы күнді мүсіндеу.

Құрастыру

Қатты картоннан шаңырақ құрастыру.

ойнау. Д. Ботбаев.

Музыкалық ырғақтық кимыл: «Көңілді ленталар»

Сөйлеуді дамыту

Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Тіл ұстарту жаттығуы.

Ұлттар достығы сурет бойынша әңгіме.

Жапсыру

Түрлі – түсті қағаздан киіз үйді жапсыру.

Мүсіндеу

Ермексазды жағу арқылы киіз үйді мүсіндеу.

Құрастыру

Ұжымдық жұмыс. Балалармен бірге киіз үйді құрастырамын.

Сурет салу

Алақанмен сурет салу әдісін пайдаланып киіз үй суретін салуға үйрету

Математика негіздері

Дидактикалық ойын:

«Сыңарын тап»

Мақсаты: сәйкестендіру қабілеттерін дамыту.

Түстер туралы білімдерін жетілдіру.

Көркем әдебиет

Отаным менің кең-байтақ,

Жайнаған сансыз қаласы,

Жайқалған жомарт даласы.

Ел-отан біздің кең-байтақ,

өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен баяу , жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету.

Қимылды ойын: «Себет»

Сөйлеуді дамыту

«Достық біздің тірегіміз» суреттер топтамасымен жұмыстану.

сурет бойынша әңгіме құрауды, байланыстырып сөйлеуді үйрету. Сөздік қорларын байыту.

Көркем әдебиет

Күлімде күн күлімде, Жер жасарып көгерсін.

Кешегіндей бүгін де,

Қанат қақсын көгершін!

Өлең жолдарын екі қайтара оқып балаларға жаттату.

Қоршаған ортамен таныстыру

Д/о: «Күннің шуағы»

«Достық» тақырыбында деректер көрсету.

Мүсіндеу

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Көктемде қандай ерекшеліктер болады?

Бейбітшілік құсы қандай? Ақкөгершін

Жгут арқылы ақкөгершін ді бейнелеп жұмыстанамын.

Жапсыру

Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Эстетикалық қабылдауларын дамыту.

Ақ көгершін құсын үлгіге

ойнау.

Д. Ботбаев. Музыкалық ырғақтық кимыл: «Көңілді ленталар»

Сөйлеуді дамыту

Сурет бойынша әңгімелеу.

Сұрақ-жауап:

-Суретте қандай аңдарды көріп тұрсындар?

Демонстрациялық материалдармен жұмыс.

Көркем әдебиет

«Ағайынбыз бәріміз» авторы: Ә. Дүйсенбиев

Өлеңді жатқа және мәнерлеп айтуға үйрету; балалардың сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту.

Қазақ тілі

«Ақпараттық құралдар» сурет бойынша әңгімелеу.

Дидактикалық ойын: «Құрал бөлігін тап»

дидактикалық және дамытушы ойындармен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту.

Қоршаған ортамен таныстыру

Қазақстанның кең-байтақ, бай мемлекет екені туралы түсінік қалыптастыру.

АКТ қолданып слайд көрсетіп түсіндіремін.

Жапсыру

Балаларға мереке туралы мағлұмат беру; жалаушаларды түр-түсіне қарай араластыра тізбектеуге үйрету.

Жұмбақ жасыру.

Ұшамын тойда қалықтап,

		Отанның біздер баласы. Өлең жолдарын мәнәрлеп оқып, мазмұнын түсіндіремін. Қоршаған ортамен таныстыру Балаларға достық ұғымын түсіндіру арқылы достық сезімдерін қалыптастыру. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»	қарап жапсыру. Құрастыру Пазл әдісі арқылы түрлі ұлт өкілдерінің суреттерін үлгіге қарап құрастыру. Математика негіздері Дидактикалық ойын «Ұлт өкілдерін ажырат» Барысы: танымдық қабілеттерін дамыту.		Қолың жетсе алып бақ. Қызыл, жасыл түсім бар, Соңымнан қане ұшында! Бұл не? Жауабы-шар. Сөздік жұмыс: мереке Балалар мереке барғанда қолымызға не аламыз? Билингвальді компонент: жалауша-флажок. Мүсіндеу Пластинография әдісі арқылы мерекелік шарларды мүсіндеуді үйрету. Құрастыру Дидактикалық ойын: «Сурет құрастыр» Мақсаты: Қиынды бөліктерден ұлт өкілдерінің туын құрастыру. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, шапшаңдыққа баулу. Сурет салу Фольганы қолдану арқылы көгершін құсын пішінін бейнелеп салу әдісін үйрету. Математика негіздері Дидактикалық ойын: «Жалаушаның түсін ажырат» Мақсаты: түстерді ажырата білуге үйрету. Жалаушаның түсі қызыл, сары, көк.
	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. (музыка***) (дене тәрбиесі**)				
Екінші ас	Жеміс жидектертің пайдасын түсіндіру. Астың құрамымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Киімдерін рет ретімен киінуін қадағалау. Ұқыпты киіне білуге, бір-біріне көмектесе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)				
Серуен Серуеннен оралу	<i>Картотека №4</i> Ұлттық ойын : «Қыз қуу»	<i>Картотека №4</i>	<i>Картотека №6</i>		<i>Картотека №8</i>

	Мәдени гигиеналық дағдылар .Қолдарын сабынмен жудыру. Тазалыққа үйрету. Балаларға реттілікпен киімдерін жинауды үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.				
Күндізгі ұйқы	«Қызыл телпек» ертегісі Қазақ тілі***	Аудио ертегі қосу: «Аңқау арыстан» Музыка ****	«Қызыл телпек» ертегісі Қазақ тілі***		Аудио ертегі қосу: «Аңқау арыстан» Музыка ****
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<i>Картотека №8</i> Мәдени гигиеналық дағдылар шарасын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту (дене шынықтыру**) Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес іс- әрекеті	Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»	«Құм сиқыры» Құм және оның қасиеті, тәжірибе жасау.	Қауіпсіздік сабағы Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік		Мен зерттеушімін «Құм сиқыры» Құм және оның қасиеті, тәжірибе жасау.
Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Хантөре</i> шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген	Коммуникативтік дағдыларды дамыту <i>Гүлайым</i> дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту <i>Ералы</i> әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды		Физикалық қасиеттерді дамыту <i>Көзайым</i> доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнайды
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, ауа-райына байланысты киінуге дағдыландыру				
Серуен	<i>Картотека №12</i>	<i>Картотека №14</i>	<i>Картотека №16</i> Ұлттық ойын: «Арқан тартыс»		<i>Картотека №7</i>
Кешкі ас	Тамақтану тәртібін айту. Дұрыс тамақтануды қадағалау.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Бір шаңырақ астында» суреттер топтамасын көрсету.	Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» жылдамдыққа ептілікке баулу	Танымдық ойын әрекет Логикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Барысы: Ойлау қабілеттерін дамыту.		Қимылды ойын: «Ормандағы аю» Мақсаты: Қимыл қозғалыстарын дамыту. Ептілікке баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бала қауіпсіздігі басты назарда .Әңгімелесу. Ата-анасымен бірге демалыс күндерін ұйымдастыру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Мариям А» бөбекжайы

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4- жас

Тәрбиеші: Кеңес Ж.Қ

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.05 -09.05.25 ж

Аптаның дәйек сөзі: «Күннің көзі ортақ», Жақсының сөзі ортақ»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі «Менің Қазақстаным» Әнұран	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата – аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру <i>Сөздік минимум: Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе!(қазақтілі***)</i> Күй күмбірі: «Балбырауым»				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, Бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Әңгімелесу. Қандай әскери түрлерін білесіңдер? Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрамына әр түрлі әскери түрлері кіреді. - Жаяу әскер, танкистер, шекарашылар Қазақ тілі***	Үстел үсті ойыны: «Менің достарым» Суреттерін көрсету. - Әскери сарбаздар батыл, төзімді, күшті, қырағы, мерген болу керек. Шекарашы –шекараны күзетеді. Әскери дәрігер жауынгерді емдейді. Ұшқыш- ұшақты басқарады.		Батылдық, әскер, ерлік істер туралы мақал-мәтелдер. Ердің туы-намыс. Батыр туса-ел ырысы. Ерлік – елдің қасиеті, Жүректілік –жігіттің қасиеті. Қазақ тілі***	
Ертеңгілік жаттығу	Картотека № 9 Мақсаты: жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау (дене тәрбиесі**)				
Таңғы ас	Мәдени гигиеналық дағдылар: (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу. Ұйымдастырылған іс –әрекет кез аттарды дайындауға көмектесуі (бірлескен әрекет, кезекшілік)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлімі: Сапта бір-бірінің жанына тұру,	Музыка «Тату доспыз бәріміз» әні Е. Меңдешев	7-мамыр Отан	Дене тәрбиесі Кіріспе бөлімі: Сапта бір-бірінің жанына тұру,	9-Мамыр Жеңіс

